

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудитор таңдау жөнінде конкурстық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 539 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 қыркүйектегі № 923 қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Қаулы 2013 жылғы 29 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудитор таңдау жөнінде конкурстық комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 539 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөнінде конкурстық комиссия құру туралы»;

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөнінде конкурс өткізу үшін мынадай құрамда комиссия құрылсын:»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Конкурстық комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен 2013 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2013 – 2014 жылдарға арналған жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөнінде конкурс өткізсін және оның нәтижелері бойынша конкурс жеңімпазын а й қ ы н д а с ы н . » .

2. Осы қаулы 2013 жылғы 29 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *С.Ахметов*